

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

САРСЕНБАЕВА ЖҰПАР ЕСҚАЛИҚЫЗЫ

Қызылорда қаласы

*«Baiterek school» жеке мектебінің жанындағы облыстық
„DARYNDY,, балаларға арналған мектеп-интернаттың
бастауыш сынып мұғалімі*

Қазіргі заманғы қоғамда адамнан тек политехникалық білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет пен ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын ғана емес қоғамда өмір сүріп тіршілік ете білуді талап етеді. Баланың тұлғалық дамуының негізгі параметрлері оның жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздік болып табылады. Осы қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның әлеуметтік қалыптасу мен әлеуметтік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыруға болады.

Білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау; баланың тәрбиелену, білім алу және жан-жақты қалыптасу, ана тілін, ұлттық салт дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру болып табылады. Осы сияқты қасиеттерді білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады.

Белгілі философтар Аристотель, Фромм Э., Швейцер А., Мандевиль Б. адамгершілік ұғымын мораль тұрғысынан қарастыра отырып, адамгершіліктің негізгі бастаулары қайырымдылық, жақсылық, өмірді қастарлеу, әділеттілік, ізгілік, т.б. атап көрсетеді. Философтар адамгершілік құндылықтарды екі тұрғыда: гуманистік этика және әлеуметтік этика деп бөліп қарастырады. Гуманистік этика адамның әлеммен тұтастығы білдіретін; адам әрекеті мен адам индивидуалдығының әр алуандығы жағдайында мәдени формалардың іріктеуді білдіретін; әлеуметтік этика - социум мүддесіне бағынады, адам қоғамның немесе социумның ықпал ету объектісі.

Тұлғаның қалыптасуын әлеуметтік ғылым тұрғысынан қарастыратын болсақ “адам-қоғам-табиғат” өзара бірлікте қарастыра отырып, тұлғаны қалыптастыруда өндірістік қатынастар мен қоғамдық ортаны негізгі деп қабылдайды. “Тұлғаның барлық көріністерінің жиынтығы мен бірлігі, олардың өзара бір-бірімен байланысы оның әлеуметтік құрылымын құрайды.

Тұлғаның әлеуметтік құрылымының негізін қоғамдық, әлеуметтік қатынастар қалыптастырады. Тұлғаның қалыптасуы – оның шындық болмыспен әрекеттесу, өз құрылымында денелік және әлеуметтік – психологиялық қасиеттердің пайда болуы барысында тұлғаның өзгеріске ұшырауы. Педагогикалық ұғым ретінде тәрбиенің екі белгісі бар.

Біріншісі – мақсатты бағытталғандығы, әлеуметтік – мәдени бағдардың, тіпті өте жалпы, бір қандай да болсын үлгінің болуы; екіншісі – бұл үрдістің барысының адамзаттық тарихы дамуы жетістіктеріне, әлеуметтік – мәдени құндылықтарына сәйкес болуы.

Тұлғаны қалыптастыратын тағы бір педагогикалық құбылыс “өзін-өзі тәрбиелеу” деген атқа ие болады. Оның мәні – тәрбие субъектісінің орнының ауысуында, енді тәрбиеленушінің өзі мәдени үлгіні мінез – құлықпен сәйкестендіреді. Өсіп келе жатқан бала тәрбие жалауын педагогтан алады және оны әрі қарай өзін - өзі жетілдіру жолында алып жүреді.

“Өзін - өзі” тәрбиелеу кешегі тәрбиеленушінің субъектілігін көрсетеді, ол бүгін өзін тәрбиелеуші ересектерден босатты және ол өзінің “Менін” өзінің қабылдауы мен ойластырылған әрекетінің объектісіне айналдырады.

Тұлға – белгілі бір даму деңгейіндегі кемелді дамыған санасы бар, мінез-құлық салыстырмалы түрде тұрақты, сондай –ақ өзінің қалыптарын және әлеуметтік ортамен қатынасын реттеуге қабілетті адам.

Айтылғанға орай тұлға қандай да бір керемет жетістіктермен байланысты болуы міндетті емес. Әрбір қарапайым ересек адам – тұлғаның негізгі және анықтаушы белгілері мыналар: сана-сезім, даралық сипаттар, өзін-өзі меңгеру, активтілік, басқа адамдармен дұрыс қатынас жасау.

Индивид – жеке тұлға бір адам. Даралық – бұл адамның өзіндік ерекшелігі. Даралық қайталанбайтын, тек бір адамға ғана тән қасиеттері мен ерекшеліктері, бір адамда өзгелерден ажыратып тұратын қасиеттер.

Даралық белгілі бір деңгейде тұлғаны басқалардан ажырататын мәнді ерекшеліктермен ажыратылады. Бұл адамды ынта қабілеттіліктер, мінез – ерекшеліктері. Адамның жекелеген қасиеттеріне негізінен оның кәсіптік жарамдылығы бағынышты.

Адамның даралық ерекшеліктері индивидтің даму барысында қалыптасады. Осы процесс кезінде нерв жүйесінде, ақыл – ой сезімде және жігерде ынтада, бейімділікте қабілеттер, дарында, темпераментте, мінез – құлықта өзгешеліктер байқалады. Бұл ерекшеліктердің бәрі адамның мінезіне, яғни оны оқудағы және жұмыстағы жетістігі мен сәтсіздігі бағынатын тұрақты психикалық қасиеттерге ықтимал. Тұлғаның әр түрлі қасиеттерін қалыптастыруда тұқым қуалаушылық факторлардың және қоршаған ортаның рөлі бірдей емес, сондықтан тәрбие жолымен нені жасауға болатынын әрдайым есте сақтаған жөн.

Кәсіби бағдар жұмысының нәтижесі оқушыларда қалыптасқан кәсіби таңдаудың болуы. Сондықтан кәсіби бағдарда басқару тетігі жеке адамның кәсіби таңдауын дамыту арқылы іске асады.

Бұл дамудағы бірінші кезең жеке кісіге қоғамдық ұйымдардың әлеуметтік жағдайдың әсерінен болатын, өз мақсатын белсенді түрде іздеу кезеңі.

Екінші кезең - өмірдегі өз орнын таңдау және өз мақсатын толық, терең түсіну.

Үшінші кезең - өмірлік құндылықтарды жеке тұлғаның жүзеге асыру кезеңі.

Мамандық таңдауда ықпал ететін күштер жеке адамның барлық шағын қамтып отырғанда ғана тиімді болады. Жас жеткіншектердің мамандық таңдау - өзінің кәсіби бағдар іс - әрекетінің субъектісі ретінде анықталады.

Оқушының мамандық таңдауы табысты аяқтау үшін оған кәсіби қажетті қасиеттер болуы шарт. Кәсіби қасиеттер дегеніміз – сол таңдаған мамандығына орай психикалық, физиологиялық және физикалық түрдегі әзірліктің бар болуы және сол мамандық талап ететін шарттарға икемді таныту.

Мамандық таңдау процессінде кәсіби сана – сезім көп әсер етеді.

Жеке кісінің өз мақсаттарына, ұстаған идеясына ойлаған құндылықтарына өз мүмкіндіктерінің сайма – сай келгені дұрыс.

Сана – сезімнің нақты формасы, өзін - өзі бағалауы. Бұл қасиет ішкі реттендірудің басты шарты болып табылады. Сол арқылы оқушы қай кәсіпті таңдайтынына зер салып әрекет етеді.

Білім беру мекемесі – әлеуметтік педагогикалық ашық жүйе ретінде қоғам арқылы дамиды. Ал қоғамдағы жүргізіліп жатқан өзгерістер мұғалім шеберлігін жетілдіруді талап етеді. Осы мәселе бойынша мекеме өміріне қажет өзгерістерді текшелей отыра, оқытушының өзгеруін бірінші кезекке қояр едім. Себебі, дайын мұғалім қай мекемеде болсын жиі кездеспейді, ол мұғалімнің қалыптасуы, шеберлігінің шыңдалуы-мекеме әкімшілігінің иығымен көтеріп, жағдай жасап шешетін мәселе.

Инновациялық жаңалықтың енуі төменнен басталып, бақылау өзін-өзі бақылауға айналса ғана соңғы нәтиже жоғары болмақ.

Өзгерісті мұғаліммен жұмыстан, яғни мұғалімдердің оқуы мен кәсіби даму үдерісіне көмектесуден, коучинг пен тәлімгерлік мектебінің жұмысынан басталып, тәлімгер ретінде үйрете алатындары ескерілді Коучинг жүйесі мен тәлімгерлік мектебін енгізу арқылы, оларда бүгін қандай қиындықтары барын анықтап, күнделікті іс-тәжірибесіне өзгеріс енгізу қажеттілігі анықталды.

Жалпы білім беруде әр мұғалім көздеген мақсатына қол жеткізу үшін оқыту үдерісін жоспарлап қолданысқа енгізгенде оқушыларды бағалауды басты назарда ұстану керек. Себебі, бағалау сыныптағы оқушылар деңгейі әр түрлі болып келетіндіктен, мұғалімнің сыныпта бір қалыпты атмосфераны құруына және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру жолдарына елеулі әсер етеді.

Бағалау-одан арғы білім алу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жинақтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин болып табылады.

Өздерінің бұрынғы тәжірибесі бойынша көптеген мұғалімдер, оқушылар және олардың ата-аналары бағалауды оқыту және оқудан кейін болатын нәрсе ретінде қарастырды. Бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі деген ой біздің түсінігіміздегі едәуір өзгерісті талап етеді.

Оқыту үшін бағалаудың негізгі қағидаттары: Оны әзірлеудегі және тәжірибеде қолданудағы бірінші басымдық оқушылардың оқуына көмектесу мақсатына бағындыру болып табылады. Бағалау мұғалімдер және оқушылар өзін-өзі және өзара бағалау үшін кері байланыс ретінде пайдаланатын ақпарат беру арқылы оқуға көмектесе алады.

Кез келген сабақтың сәтті өткенін бағалаудың нәтижесінен көруге болады, сондықтан оқушылар оқыту үшін бағалаудың мәнін түсініп, әр сабақта өзінің артықшылықтары мен кемшіліктерін мойындап, егер кемшілігі көп болса, оны жою үшін қандай да бір іс әрекет арқылы шешуін өздері ұсынатын болды.

Ұстаздың білімі, мейірімді жүрегі, жігер-қайраты, оқушыны жетістіктен-жетістікке жетелейтіні айқын.

Қазіргі мектептің негізгі парадигмасы ізгілік педагогикасына негізделеді. Ол - мәңгілік жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген білім. Тәрбие мектептегі біртұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі екені белгілі. Бұрынғы қалыптасқан педагогикада бала тәрбие объектісі болса, қазіргі кезеңдегі тәрбие, баланы тәрбие субъектісі ретінде қарастырады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан зайырлы мемлекет болып табылады. Еліміздегі білім беру жүйесі де зайырлы сипатқа ие. Зайырлы демократиялық мемлекет ретінде халықаралық стандарт деңгейінде адам құқықтары туралы Конвенцияға қол қойып, әлемдік білім кеңістігіне енуіміз, жалпыадамзаттық білім кеңістігінде мәдениетті тұлға тәрбиелеуді қажет етеді. Заман талабына сай бүгінгі педагогика ғылымының алдындағы басты міндеттердің бірі – педагогиканы жалпы әлемдік құндылық деңгейіне (адамды сүю және оның бостандығын сақтау, көтеруге әрекет жасау және адамзаттық мұратты құру болып отыр.

Жалпыадамзаттық құндылықтардың арасынан философтар, прогресшіл ойшылдар мен педагогтар бірінші орынға адамның құқығын, оның бостандығын, оған сәйкес келетін тәрбие мен білімді бөліп алғанға баса назар аударады.

Білім мен тәрбие аса бағалы құндылық ретінде қаралып, оған қоғамның тарихи дамуының заңды нәтижелері деп қарау орын алып отыр. Жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген адам құқығын қорғау ісі мыңдаған жылдар бойында жинақталып, адамның мінез-құлқын реттеуші қызмет атқарып келеді.

Тұлғаның бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру ісі, адамзат баласының қол жеткен қоғамдық-тарихи бай тәжірибесіне негізделіп, әлеуметтік-этикалық қалыптар мен игіліктерді қатар игеруге болатынын педагог-ғалымдар дәлелдеп берді. Бұл өлшемдер халықтық дәстүрлерде адамгершілік үлгілері түрінде көрінеді. Кез келген халықтың тәлімдік үлгілері педагогикалық мәдениеттің ажырамас құрамы болып саналады. Сондықтан осы заманғы білімнің мәні халықтардың алдыңғы қатарлы озық, ізгілік дәстүрлерін, жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтарын қайта жандандыру арқылы, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілігін нығайту болып табылады.

Қазақстанның білім беру жүйесінде лайықты және ізгі мінезді оқушы тәрбиелеу басым бағыты болып табылады, сондықтан мектептің тұтас білім беру үдерісінде тұлғаны рухани - адамгершілік тұрғысынан дамыту идеяларын кеңінен енгізу қажеттігі туындайды.

Мұғалім – ақыл кемістігін жоя отырып, жер бетінде бейбітшілік орнауын қамтамасыз етіп, өзін ұстай білуге үйретеді. Егер оқушы өзін нашар ұстаса, бір адамның мінезі азап шегеді, егер мұғалім өзін нашар ұстаса, бұл көп оқушының мінезіне зиян келтіреді. Ежелден мұғалімнің рөлі барлық әлем халықтарында ұлық болған, мұғалімнің міндеттері басқарушылар мен ата-аналардың міндеттерімен қатар құрметтелген.

Ежелгі заманда мұғалімдерді, адамдарға деген құрмет қатынастарын, өскелең ұрпаққа білім беру жауапкершілігін өз қолдарына алғандықтарын ескере отырып шеберлер деп атаған. Мұғалімдер кез келген қоғамда жоғары сұранысқа ие, себебі әлеуметтік ортаны қалыптастыру солардың қолдарында, олар өмірге жүзжылдықтан жүзжылдыққа болашақ ұрпақты даярлайды.

Оқу білімдерін меңгертумен қатар, педагог тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына да жауапты екендігін ұмытпаған жөн.

Мұғалімнің басты борышы дәл осында, өскелең ұрпақтың рухани әлемін тәрбиелеуде, адамның қоғамда өмір сүруінің моральдық нормалары мен ережелерін айқындауында болып табылады. Мұғалім бала кезден бастап баланың бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығарады, әлемге деген дұрыс қатынасқа дағдыландырады, мораль нормаларына және арұжданға сәйкес өз мінез-құлқын түзетуге үйретеді, қоршаған ортаға қатысты ізгілік, құрмет, мейірімділік, қайырымдылық пен төзімділік қасиеттерімен өмір сүруге баулиды.

Мұғалімдердің тәрбие алушылар үшін жасайтын кішігірім ерліктері оқушылардың оларды өмір бойы жадыларында ұстауына мүмкіндік туғызады. Кез келген жағдайда өз шәкіртінің мұқтаждығына көмекке келе алатын шынайы мұғалім балалардың тағдырларында орасан зор рөлге ие болады және оның келбеті тіл алмайтын оқушының өзінің жүрек тереңінде мәңгілікке қалады.

Рухани-адамгершілік білім беру үдерісі мұғалімнің ойы, сөзі және ісі бірлікте болғанда ғана табысты болады. Расында, өзі шылым тарта тұра, мұғалім салауатты өмір салты туралы қанша кәсіби шеберлікпен айтса да, оның берген білімі шынайы емес, пайдасыз.

Ұстаздың ойы мен сөзі және ісі біріне - бірі қайшы болса, оның басқа әрекеттерінен ешбір нәтиже шықпайды. Шыдамды және қарапайым, бала жанын сүйетін қайырымды мұғалім оқушылардың бойында жақсы мінез-құлық тәрбиелеуде өмірлік маңызды рөл атқарады. Мұғалімнің тұлғалық, рухани-адамгершілік тұрғысынан дамуы туралы көрнекті ұстаз Ы.Алтынсарин былай деген: «Мұғалім – білім берудегі ең маңызды адам. Ең озық педагогикалық оқу құралдары, үкімет қаулылары, өте қатал инспекторлық бақылау маңызы жағынан мұғалім дәрежесімен теңесе алмайды. Сондықтан, мен үшін мұғалім әлемдегі барлық асыл заттардан қымбат». Қазіргі әлемдегі рухани-адамгершілік білім берудің басымдылығының мәнін ашу, адамзат өмірінде туындаған жаһандық мәселелердің басты себептерін анықтау, адамзаттың ең негізгі дағдарыстардан шығу жолдарын көрсету, қазіргі ұстаздардың басты міндеті болмақ.

№ M00035 08.01.2025 ж

Шартты форматтау

АЯПБЕРГЕНОВА НУРГУЛ АЛИМСАЛИМОВНА

Атырау қаласы Жалпы білім беретін

Алмалы орта мектебінің информатика пәні мұғалімі

Бөлім:	Электронды кесте арқылы есеп шығару	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Аяпбергенова Нургул Алимсалимовна	
Күні:	3.12.2024ж	
Сынып:7а	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Шартты форматтау	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	7.2.2.4 электрондық кестеде шартты пішімдеуді қолдану.	
Сабақтың мақсаты	-электрондық кестедешартты форматтау түрлерін біледі; -Кестеге шартты форматтау түрлерін қолданады.	
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығы	Апта дәйек сөзі. Бірлігі күшті ел озады - білім мен дамуға ұмтылу; - іскерлік, өзін-өзі ынталандыру; - ұқыптылық табандылық;	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин	Ұйымдастырушылық кезең: 1.Оқушыларды қарсы алу және белгілеу. 2.Психологиялық тұрғыдан қолайлы	Балалар мұғаліммен амандасады. Оқушылар бір-біріне тілектерін айтады.		https://www.canva.com сайтында презентация https://class

	атмосфера құру үшін "Жылы лебіз" әдісі арқылы оқушылар бір-біріне жылы сөздерін айтады. Көңіл-күйлерін көтереді. 3. Оқушыларды «https://classroomscreen.com» желісі арқылы кездейсоқ екі топқа бөлінеді. I топ – «Баған» тобы II топ –«Қатар» тобы Оқушыларды бағалау парағымен таныстыру,оқушыларға таратып беру 3. Үй тапсырмасын тексеру https://www.umaigra.com/esplora/games сайтында «Пойыз ойыны» Сіз саяхаттағыңыз келетін пойызды таңдап, сұрақтарға дұрыс жауап беріп, онымен мүмкіндігінше алыс жүруге тырысыңыз. Егер сіз қате жауап берсеңіз тоқтап, келесі жауап келгенше күтуіңіз керек	Оқушылар бағалау парағын алады Оқушылар өткен тақырптағы командаларды еске түсіреді.	 әр дұрыс жауап 1 балл	roomscreen.com https://www.umapalata.com/zexpo/game.html?LANG=RU&idGames=132910
--	---	--	--	--

Сабақтың ортасы 15минут	Жаңа сабақ «Ой қозғау» әдісі 1. Күнделікті керекті әрі маңызды ақпараттарды әртүрлі дерек көздерден пайдалану үшін ерекшеленудің қандай түрлерін қолданасыздар? 2. Кестедегі сандық мәндердің ең үлкенін, ең кіші мөлшерін қалай айыруға болады? Сөздерді құрастыру арқылы сабақтың тақырыбы анықталады Шартты форматтау түрлері Excel программасында кестелерді шартты болады. Форматтаудың бұл әдісі деректерді тал үшін өте қолайлы. Шартты форматтау дегеніміз деректерді белгілі шарттар бойынша форматтау. К болуы үшін санды деректерді гистограмма, таңбал термен берген тиімді. Бұл әдіс арқылы проб бірден визуалды түрде баға беруге болады. Ш іске қосу үшін, Главная (Басты) құралдар тақ Стили (Монерлер) бөліміндегі Условное формат (форматтау) командаларын орындасақ, Шартты тік терезесі ашылады. Шартты форматтау тере мен танысайық. 	Топта ойлану пісір алмасу, ортақ тұжырымға келу Күнделікті өмірде біз ақпараттың ағынында өмір сүреміз. Оны тиімді пайдалану үшін ақпаратты сұрыптау және ерекшелену қажет. Мұны әртүрлі тәсілдермен істеуге болады: □ Маңызды ойларды, идеяларды, кездесулерді, тапсырмаларды жазып қою үшін дәптер немесе блокнот пайдалануға болады. □ Стикерлер: Маңызды ескертпелерді көрінетін жерге жабыстыру үшін түрлі түсті стикерлер қолданылады.	A4 қағаздар Мұғалі мнің кері байлан ысы Ауызша мадақта у, ынталан дыру	https://www.canva.com сайтында презентаци я
---	---	--	---	--

	4 тапсырма «Бағасы» бағанындағы арзан және қымбат кітаптарды визуалды түрде анықтауға болатындай ерекшеле.	-саны ұяшығын ерекшелеп,бірінші мен соңғы мәндерді іріктеу ережесін таңдайды; -алғашқы 5 элементті, түс таңдайды; - нәтижесінде саны ең көп 5 оқулық ерекшеленеді.		1%82%d1%82%d0%b0%d1%83
	Топтық жұмыс «Топтас, бірік, талқыла» әдісі «Сәйкестендіру» https://wordwall.net бағдарламасында тапсырма.	Дескриптор: -бағасы ұяшығын ерекшелеп, таңбалар жиынтығы батырмасын басады; - 5 түрлі түсті таңдайды; -нәтижесін шығарады	1 балл	компьютер
	Топтық жұмыс «Сынып үлгерімі» жобасын құру	Дескриптор		
	Білімді бекіту «Жүйрік болсаң, озып көр!» әдісі бойынша learningapps.org бағдарламасында бүгінгі тақырыпты бекіту тест тапсырмасы.	-шартты форматтау терезесінің құрылымын ажыратады; -сәйкестендіреді оқулықта 78 бет	1 балл	
		Дескриптер: -берілген тест сұрақтарына жауап береді.	1 балл	

Сабақтың соңы	Үй тапсырмасы: «Жеңіл атлетикадан жарыс» жүгіру мен секіруден өткен жарыс қорытындысының үздік нәтижесін анықтау. Жеңімпаздардың тегі,аты – жөнін қызыл түспен, ұзындыққа секіруді көк түспен белгіле. оқулықта 78 бет	Үй тапсырмасын жазады Оқушылар өз жұмыстарын бағалайды		
	Бағалау: Бағалау парағы арқылы бағалаймын  Рефлексия	Өздерін бағалау шкаласына қарап бағалайды Рефлексия оқушылар өз ойын стикер арқылы білдіреді.	Өзін-өзі бағалау	https://classroomscreen.com

Жыл басына таласқан хайуанаттар

ОСПАНОВА МЕРУЕРТ БЕРКИМБЕКОВНА

*Жамбыл облысы, Талас ауданы,
N4 "Үміт" арнайы мектеп-интернатының
қосымша білім беру педагогы*

Күні: 26.11.2024.

Білім беру саласы: Қатынас

Білім беру көзі: Сөйлеуді дамыту

Оқу іс-әрекетінің мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсіндіру, берілген тапсырмаларды көз алдарына елестете отырып орындау және есте сақтау ойлау зейін қабілеттерін дамыту сөздік қорларын молайтып, байланыстыра отырып сөйлеуге үйрету. Ойын арқылы шапшаңдыққа ептілікке баулу. Ертегі мазмұны арқылы еңбек сүйгіштікке адал достыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ертегі мультфильмі, жануарлар атрибуттары, суреттер.

Ең ерте заманда хайуандар жылдың басы болуға таласыпты. Аң патшасы арыстаннан көмек сұрап келіпті. Түлкі барлық аңдарды шақырып келеді. Аңдардың шығуы. Аңдар өздерінің мәселелерін айтып шығады. Арыстанға көмекке достары Балуды мен Багира келеді.

Балудың Тапсырмасы:

Хайуандар өздерінің адамға деген пайдасы туралы айтып береді.

— Мен алысты жақын қыламын. Күшімді көреді, сүтімді ішеді, қылыма шейін арқан, жіп еседі. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл ағасы мен боламын, — дейді. Түйе айтады: — Сен

адамның жұмысын қылсаң, сұлы, шөп асайтын тамағың үшін құл болдың, міне, мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық алыс жерлерге барамын. Аш болдым деп, арпа, сұлы сұрамаймын. Көде болса, көде, жусан болса, жусан, не кез келсе, соны қорек етіп, табылса, су ішіп, табылмаса, шөлде де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық. Сиыр айтады:

— Адам егін ексе, менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт-май істейді, жыл басы болу маған лайық. Қой айтады:

— Мен болмасам, қазақ үйін немен жабар еді. Жүнімді алып, киіз басады, жабағымнан киім тігеді, арқан, жіп еседі. Сүтімнен құрт-май алады, шаруаға менен пайдалыларың жоқ. Ит айтады:

— Мен болмасам, сендердің көбінді не ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді. Мен сендердің баршаларыңның бақташыңмын, дұшпан көрінсе, үріп, абалап, иеме хабар беремін. Тауық айтады:

— Мен болмасам, кісі ерте жұмысына бармай, ұйықтап қалар еді. Мен ерте тұрып, таң атты деп шақырып, хабар айтамын. Кеш болса, жатар мезгіл болды деп, тағы шақырамын. Тышқан не айтарын білмей тұрады да үндемей кетіп қалады.

Багираның тапсырмасы: Мен сендерге видео тапсырма алып келдім, кім орындаса сол, жыл басы болуға лайықты дейді.

Келесі көмекті көрермендерден сұрайды:

Көрермен айтады, кім күннің шыққанын бірінші көрсе сол, жыл басы болуға лайықты дейді. —

Бұл таластан еш нәрсе өнбес, жылды қарап тұралық та кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын. Өзгелері қарап тұрғанда, түйе өзінің бойына сеніп: «Менен бұрын кім көреді?», – деп, тышқанның сөзін қостайды. Бөрі қарасып тұрады. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің өркешіне шығып отырады. Көп хайуан таласып: «Біз көреміз, біз көреміз»,—деп тұрғанда, ең биікте отырған тышқанды көріп, еш нәрсе демепті. Сонан соң жылды бәрінен бұрын тышқан көріп, хабар беріп, жыл басы болыпты. Түйе бойына сеніп құр қалыпты. Балалармен: Дос болайық ағашын сәндеу, бір-біріне тілектер айту. Қоштасу.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЗАМАН ТАЛАБЫ

КОДРЕНОВА ГУЛСАГАТ БАУЫРЖАНКЫЗЫ

**Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы,
Букарбай батыр ауылы, №33 орта мектептің
информатика пәні мұғалімі**

Жасанды интеллект (АІ) – адамның когнитивтік қабілеттеріне еліктеу мақсатын көздейтін ғылымдар, теориялар мен әдістердің (соның ішінде математикалық логика, статистика, ықтималдық, есептеу нейробиологиясы, информатика) жинағын білдіретін алпыс жылдық жас пән.

Бұл автоматтандыру қатаң мағынада адам интеллектінен алыс болып қалады, бұл атау кейбір сарапшылардың сынына ашық қалды. Олардың зерттеуінің соңғы кезеңі («күшті» жасанды интеллект, яғни мүлдем автономды түрде әртүрлі мамандандырылған мәселелерді контекстке келтіру мүмкіндігі) қазіргі жетістіктермен мүлдем салыстыруға келмейді («әлсіз» немесе «күшті» жасанды интеллект өз саласында өте тиімді. оқу). Ғылыми фантастикада енді ғана жүзеге асырылған «күшті» жасанды интеллект бүкіл әлемді модельдей алу үшін іргелі зерттеулердегі жетістіктерді (тек тиімділікті арттыруды ғана емес) қажет етеді.

Дегенмен, 2010 жылдан бері бұл пән негізінен компьютерлердің есептеу қуатын айтарлықтай жақсартуға және деректердің үлкен көлеміне қол жеткізуге байланысты жаңа бумды бастан өткерді. Кейде қиялдайтын уәделер, жаңарулар мен уайымдар құбылысты объективті түрде түсінуді қиындатады. Қысқаша тарихи ескертулер тәртіпті анықтауға және ағымдағы пікірталастарды хабардар етуге көмектеседі.

1950 жылдардың басында Джон фон Нейман мен Алан Тьюринг АІ терминін ойлап тапқан жоқ, бірақ олар оның артындағы технологияның негізін салушылар болды: олар компьютерлерден 19 ғасырдағы ондық логикаға көшті. (осылайша 0-ден 9-ға дейінгі мәндермен жұмыс істейтін) және екілік логикалық машиналар (олар 0 немесе 1-дің көп немесе аз маңызды жолдарымен айналысатын буль алгебрасына негізделген). Осылайша, екі зерттеуші заманауи компьютерлердің архитектурасын рәсімдеп, оның бағдарламаланған нәрсені жасауға қабілетті әмбебап машина екенін көрсетті.

Тьюринг, керісінше, 1950 жылы әйгілі «Есептеу және интеллект» мақаласында ықтимал машиналық интеллект туралы мәселені алғаш рет көтерді және адам телелитикалық диалогты және оның адаммен болатынын ажырата алатын «еліктеу ойынын» сипаттады. немесе машина. Бұл жұмыс қаншалықты қарама-қайшылықты болса да (бұл «Тьюринг сынағы» көптеген сарапшылар үшін ыңғайсыз болып көрінеді), ол адам мен машина арасындағы шекараны сұраудың көзі ретінде жиі айтылады.

«AI» терминін MIT (Массачусетс технологиялық институты) Джон Маккартиге жатқызуға болады [18], оны Марвин Мински (Карнеги Меллон университеті) «қазіргі уақытта неғұрлым қанағаттанарлық орындайтын тапсырмалармен айналысатын компьютерлік бағдарламалардың құрылысы» деп анықтайды. адамдар, өйткені олар қабылдауды үйрену, есте сақтауды ұйымдастыру және сыни ойлау сияқты жоғары деңгейдегі психикалық процестерді қажет етеді.

Маккарти мен Минскиді қоса алғанда, бұл жұмыста тұрақты түрде болды (бұл негізінен формальды логикаға негізделген оқиғаларға сүйенді).

Технология қызықты және перспективалы болып қала берсе де (мысалы, Калифорния адвокаттар алқасының мүшесі Рид С. Лоулордың 1963 жылғы «Компьютер не істей алады: сот шешімдерін талдау және болжау» атты мақаласын қараңыз), технологияның танымалдылығы ерте төмендеді. 1960 ж. Машиналардың жады өте аз болды, бұл компьютер тілін пайдалануды қиындатты. Дегенмен, бүгінгі күні есептерді шешуге арналған шешім ағаштары сияқты кейбір негіздер бар: IPL, ақпаратты өңдеу тілі осылайша 1956 жылы LTM (Logic Theory Theorist) бағдарламасын жазуға мүмкіндік берді, ол математикалық теоремаларды көрсетуге бағытталған.

Экономист және әлеуметтанушы Герберт Саймон 1957 жылы жасанды интеллект алдағы 10 жылда шахматта адамдарды жеңеді деп болжаған.

Саймонның көзқарасы 30 жылдан кейін дұрыс болып шықты.

1980-1990 жж және сараптамалық жүйелер. 1968 жылы Стэнли Кубрик «2001 A Space Odyssey» фильмін түсірді, онда компьютер - HAL 9000 (IBM-тен бір ғана хат) AI қойған этикалық сұрақтардың жиынтығын өз алдына жинақтайды: ол жоғары деңгейлі талғампаздықты білдіре ме? адамзатқа пайдалы ма, әлде қауіп пе? Фильмнің әсері, әрине, ғылыми болмайды, бірақ ол ғылыми фантаст авторы Филип К. Дик сияқты тақырыпты танымал етуге көмектеседі, ол машиналар бір күні эмоцияларды бастан кешіре ме деген сұрақты ешқашан тоқтатпайды.

Дәл 1970 жылдың аяғында алғашқы микропроцессорлардың пайда болуымен AI қайтадан көтеріліп, сараптамалық жүйелердің алтын дәуіріне кірді. Бұл жол шын мәнінде 1965 жылы MIT-де DENDRAL (молекулалық химияға маманданған сараптамалық жүйе) және 1972 жылы Стэнфорд университетінде MYCIN (қан аурулары мен рецепт бойынша берілетін препараттарды диагностикалауға маманданған жүйе) көмегімен ашылды. Бұл жүйелер адам ойлауының логикалық айнасы ретінде бағдарламаланған «қорытынды қозғалтқышқа» негізделген. Деректерді енгізу кезінде қозғалтқыш жоғары білім деңгейімен жауаптар берді.

Жаппай даму туралы уәде болды, бірақ 1980-ші жылдардың соңы мен 1990-шы жылдардың басында құлдырау қайта түседі. Мұндай білімді бағдарламалау шын мәнінде көп күш жұмсауды талап етті және 200-ден 300 ережеге дейін машина дәлелдегендей түсініксіз жерде «қара жәшік» әсері болды. Осылайша, әзірлеу және техникалық қызмет көрсету өте қиын болды, ең алдымен, тезірек және басқа да күрделі және арзанырақ жолдар мүмкін болды. Еске сала кетейік, 90-жылдары жасанды интеллект термині дерлік тыйымға айналды, ал қарапайым вариациялар тіпті университет тіліне енді, мысалы, «заманауи есептеулер».

1997 жылы мамырда Deer Blue (IBM сараптамалық жүйесі) Гарри Каспаровқа қарсы шахмат ойынындағы табысы 30 жылдан кейін Герберт Саймонның 1957 жылғы болжамын орындады, бірақ AI-нің бұл түрін қаржыландыру мен дамытуды қолдамады.

Deer Blue операциясы барлық ықтимал қозғалыстар бағаланып, өлшенетін жүйелі катал күш алгоритміне негізделген. Адамның жеңілуі тарихта өте символдық болып қала берді, бірақ Deer Blue шын мәнінде әлемнің күрделілігін модельдеу мүмкіндігінен өте алыс шектеулі периметрді (шахмат ойынының ережелерін) қарастыра алды.

2010 жылдан бастап өңдеуге арналған деректердің үлкен көлеміне және жаңа есептеу мүмкіндіктеріне негізделген жаңа бум басталды. 2010 жылы осы пәннің жаңа серпілісін екі фактор түсіндіреді:

Біріншіден, деректердің үлкен көлеміне қол жеткізу. Мысалы, кескіндерді жіктеу және мысықтарды тану үшін алгоритмдерді пайдалана алу үшін, бұрын таңдауды өзіңіз жасауыңыз керек еді.

Бүгінде қарапайым Google іздеу арқылы миллиондаған адамдарды табуға болады.

Содан кейін оқу алгоритмдерін есептеуді жеделдету үшін компьютерлік видеокарталардың процессорларының өте жоғары тиімділігін анықтау.

Бұл процесс өте қайталанатын болды және бүкіл үлгіні өңдеуге 2010 жылға дейін апта кетуі мүмкін. Бұл карталардың есептеу қуаты (секундына мың миллиардтан астам транзакцияны жүзеге асыруға қабілетті) шектеулі қаржылық шығындармен (әр картаға 1000 еуродан аз) айтарлықтай прогреске қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Бұл жаңа технологиялық жабдық елеулі әлеуметтік табыстарға қол жеткізді және қаржыландыруды ұлғайтты: 2011 жылы Уотсон, IBM IA, 2 қауіп чемпионына қарсы ойындарда жеңіске жетті! «. 2012 жылы Google X (Google іздеу зертханасы) бейнелердегі мысықтарды AI-тану мүмкіндігіне ие болады. Бұл соңғы тапсырма үшін 16 000-нан астам процессорлар пайдаланылды, бірақ әлеуеті ерекше: машина заттарды ажыратуды үйренеді. 2016 жылы AlphaGO (Google Games ойынына мамандандырылған AI) Еуропа чемпионын (Фан Хуй) және әлем чемпионын (Ли Седол), содан кейін өзін (AlphaGo Zero) жеңді. Go ойынында шахматтан әлдеқайда маңызды комбинаторика бар (ғаламдағы бөлшектердің санынан көп) және күшті күште мұндай маңызды нәтижелерге қол жеткізу мүмкін емес екенін ескеріңіз (1997 жылы Deep Blue сияқты).

Бұл ғажайып қайдан пайда болды? Сараптамалық жүйелерден парадигманың толық ауысуы. Тәсіл индуктивті сипатқа ие болды: бұл енді сарапшылық жүйелердегідей кодтау ережелері мәселесі емес, компьютерлерге мәліметтердің үлкен көлеміне негізделген корреляция және жіктеу арқылы оларды өздігінен ашуға мүмкіндік беру.

Машиналық оқыту әдістерінің ішінде терең оқыту бірқатар қосымшалар (соның ішінде дауысты немесе кескінді тану) үшін ең перспективалы болып көрінеді. 2003 жылы Джеффри Хинтон (Торонто университеті), Джошуа Бенджо (Монреаль университеті) және Ян Лекун (Нью-Йорк университеті) нейрондық желілерді жаңарту бойынша зерттеу бағдарламасын бастауға шешім қабылдады.

Торонтодағы Хинтон зертханасының көмегімен Microsoft, Google және IBM компанияларында бір уақытта жүргізілген тәжірибелер оқытудың бұл түрі сөйлеуді танудағы қателер санын екі есе азайтуға көмектескенін көрсетті. Осындай нәтижелерге Хинтонның кескінді тану командасы қол жеткізді.

Бір түнде көптеген зерттеу топтары даусыз артықшылықтары бар осы технологияға жүгінді. Оқытудың бұл түрі мәтінді тануда да айтарлықтай прогреске қол жеткізді, бірақ Ян Лекун сияқты сарапшылардың пікірінше, мәтінді түсіну жүйелерінде әлі де көп жол бар.

Әңгімелесу агенттері бұл мәселені жақсы көрсетеді: біздің смартфондар нұсқаулықты қалай транскрипциялау керектігін біледі, бірақ оны толық контекстке келтіріп, ниеттерімізді талдай алмайды.

Жасанды интеллект – информатиканың машиналық интеллектінің дамуына, адамдар сияқты ойлауға және жұмыс істеуге ерекше мән беретін саласы. Мысалы, сөйлеуді тану, мәселені шешу, оқу және жоспарлау. Басшылардың 32%-ы дауысты тану бүгінгі күні олардың бизнесіндегі ең кең таралған AI технологиясы екенін айтады.

Бүгінгі таңда жасанды интеллект технология мен іскерлік ортада кеңінен талқыланатын өте танымал тақырып. Көптеген сарапшылар мен салалық сарапшылар жасанды интеллект немесе машиналық оқыту - бұл болашақ деп мәлімдейді, бірақ айналамызға қарасак, бұл болашақ емес - бұл қазіргі уақыт екеніне сенімдіміз.

Технологияның дамуымен біз Siri, Watson немесе Alexa болсын, жасанды интеллектпен бір немесе басқа жолмен байланысты болдық.

Иә, технология өзінің бастапқы кезеңінде және көбірек компаниялар машиналық оқытуға ресурстарды инвестициялауда, бұл жақын арада AI өнімдері мен қосымшаларының тұрақты өсуін көрсетеді.

Жасанды интеллект (AI), машиналық оқыту және нейрондық желілер көптеген нақты мәселелерді шеше алатын машиналық оқытуға негізделген қуатты технологияларды сипаттау үшін қолданылатын терминдер.

Ойлау, шешім қабылдау кезінде және т.б. адам миының мүмкіндіктерімен салыстырғанда, машиналар идеалдан алыс (олар идеалды емес, әрине, адамдар да), соңғы уақытта AI технологиялары мен оған байланысты алгоритмдер саласында бірнеше маңызды жаңалықтар ашылды. Маңызды рөлді AI оқыту үшін қол жетімді әртүрлі деректердің үлкен үлгілерінің санының ұлғаюы атқарады.

AI саласы математика, статистика, ықтималдықтар теориясы, физика, сигналдарды өңдеу, машиналық оқыту, компьютерлік көру, психология, лингвистика және ми туралы ғылымды қоса алғанда, көптеген басқа салалармен қиылысады. Әлеуметтік жауапкершілік пен жасампаздық этикасына қатысты мәселелер AI философияға қызығушылық танытатын адамдарды тартады.

Машиналық оқыту (ағыл. *машиналық оқыту*) қосалқы сала болып табылады жасанды интеллект өнеркәсіпте қамтамасыз ету үшін статистикалық әдістерді жиі қолданатын информатика компьютерлерге көмегімен «үйрену» (яғни, белгілі бір тапсырманы орындауды біртіндеп жақсарту) қабілеті деректерді нақты бағдарламаланбай-ақ, машиналық оқытудың негізгі алғышарттары жаңа деректер қол жетімді болған кезде нәтижелерді жаңарту кезінде кіріс мәліметтерін қабылдай алатын және статистикалық талдауды пайдалана алатын алгоритмдерді құру болып табылады.

Машиналық оқытуға қатысатын процестер деректерді іздеу және болжамды модельдеу процестеріне ұқсас. Екеуі де үлгілерді іздеу және сәйкесінше бағдарлама әрекеттерін реттеу үшін деректерді іздеуді талап етеді. Көптеген адамдар онлайн сатып алу және сатып алуға қатысты жарнамаларды көрсету арқылы машиналық оқытуды жақсы біледі. Себебі ұсыныс қозғалтқыштары нақты уақытта жарнаманы жеткізуді жекелендіру үшін машиналық оқытуды пайдаланады. Жекелендірілген маркетингтен басқа, машинаны оқытуға арналған басқа жиі қолданылатын жағдайларға алаяқтықты анықтау, спам сүзгілеу, желі қауіпсіздігіне қауіп төндіруді анықтау, болжамды қызмет көрсету және жаңалықтарды шығару кіреді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нейрондық желілердегі оқу процестерін модельдеу. – Кіру режимі: <http://old.exponenta.ru/soft/others/mvs/stud3/3.asp>.
2. Engadget онлайн журналы (Google DeepMind AI 4-1 сериясында жеңіске жету үшін соңғы Go матчында жеңіске жетті). – Қол жеткізу режимі:
3. <https://www.engadget.com/2016/03/14/thefinal-lee-sedol-vs-alphago-match-is-about-to-start/> . .
4. AM TURING I.—ЕСЕПТІК МАШИНА ЖӘНЕ
5. ИНТЕЛЛЕГЕНЦИЯ/ А.М. Тьюринг // Ақыл. - 1950. - No 236. - 433-460-б.
6. Брейман Л. Кездейсоқ ормандар / Л.Брейман // Машиналық оқыту. — Т

МАЗМҰНЫ

- САРСЕНБАЕВА ЖҰПАР ЕСҚАЛИҚЫЗЫ
- АЯПБЕРГЕНОВА НУРГУЛ АЛИМСАЛИМОВНА
- ОСПАНОВА МЕРУЕРТ БЕРКИМБЕКОВНА
- КОДРЕНОВА ГУЛСАГАТ БАУЫРЖАНКЫЗЫ